



**ШЕШІМ**

11.12.2024

Астана қаласы

**РЕШЕНИЕ**

253/32-VIII

№

город Астана

**«Астана қаласында студенттік жатақханалар салу» мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасы бойынша мемлекеттік міндеттемелерді қабылдау туралы» Астана қаласы мәслихатының 2024 жылғы 25 қыркүйектегі № 223/27-VIII шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 163-бабының 2-тармағына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, «Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын жоспарлау мен іске асырудың кейбір мәселелері туралы «Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 25 қарашадағы № 725 бұйрығына сәйкес, Премьер-Министр орынбасарының бұйрығымен - Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2024 жылғы 14 ақпандағы № 48 «мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелердің, оның ішінде мемлекеттік концессиялық міндеттемелердің, жергілікті атқарушы органдардың 2024-2026 жылдарға арналған лимиттерін бекіту туралы» және Астана қаласы әкімдігінің 2024 жылғы 4 шілдедегі № 507-2212 қаулысы, 2024 жылғы 28 қарашасындағы № 23 Астана қаласы Бюджет комиссиясы отырысының хаттамасы негізінде, Астана қаласының мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1.«Астана қаласында студенттік жатақханалар салу» мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасы бойынша мемлекеттік міндеттемелерді қабылдау туралы «Астана қаласы мәслихатының 2024 жылғы 25 қыркүйектегі № 223/27-VIII шешіміне (бұдан әрі-Шешім) келесі өзгерістер енгізілсін:

1) Шешімнің қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

2) Шешімнің 2 тармағы жаңа редакцияда жазылсын.:


«Астана қаласының құрылыс басқармасы» мемлекеттік мекемесінің атқарушы органы 2024 жылы 1 000 000 000 (бір миллиард) теңге сомаға және 2025 жылы 1 313 426 335 (бір миллиард үш жүз он үш миллион төрт жүз жиырма алты мың үш жүз отыз бес) теңге сомаға «Астана қаласында студенттік

жатақханалар құрылысы» мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасы бойынша құрылысты қоса қаржыландыруды қамтамасыз ету үшін мемлекеттік міндеттемелер қабылдасын осы шешімнің қосымшасына сәйкес.».

2. Астана қаласының әкімдігі осы шешімнің Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес орындалуын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешім қабылданған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Астана қаласы  
мәслихатының төрағасы



Е. Каналимов

Астана қаласы мәслихатының  
2024 жылғы 11 желтоқсандағы  
№253/32-VIII шешіміне  
қосымша

Астана қаласы мәслихатының  
2024 жылғы 25 қыркүйектегі  
№ 223/27-VIII шешіміне  
қосымша

«Астана қаласында студенттік жатақханалар салу» МЖӘ жобасы бойынша мемлекеттік міндеттемелерді төлеу көлемі

№	Атауы	мың теңге											
		2024	2025	2026	2027	2028	2029	2030	БАРЛЫҒЫ				
1	Бірлесіп қаржыландыру	1 000 000,000	1 313 426,335										2 313 426,335
2	Инвестициялық шығындарды өтеу		75 153,108	225 459,324	225 459,324	225 459,324	225 459,324	225 459,324	150 306,216				1 127 296,620
3	Қол жетімділік ақысы		444 260,460	1 377 557,112	1 436 842,644	1 473 768,768	1 514 256,336	1 040 420,376					7 287 105,696
	<b>БАРЛЫҒЫ</b>	<b>1 000 000,000</b>	<b>1 832 839,903</b>	<b>1 603 016,436</b>	<b>1 662 301,968</b>	<b>1 699 228,092</b>	<b>1 739 715,660</b>	<b>1 190 726,592</b>					<b>10 727 828,651</b>